ге қатысып, қарапайым тұрғындармен вирустан сақтану шаралары бойынша нұсқаулықтармен таныстыру жұмыстарын жүргізді. Сондай-ақ, 300-ден астам десантшылар Нұр-Сұлтан мен Орал қалаларында төтенше жағдайға байланысты жүргізілген іс-шараларға белсенді түрде атсалысты.

Сайыстарда көрсеткіштері жоғары

Десантты-шабуылдау әскерлері барлық, оның ішінде халықаралық оқу-жаттығуларға белсенді қатысады. Армиялық халықаралық ойындар сайыстарында қол жеткізген көрсеткіштері жоғары. Соның ішінде, әуе-десанттық әскерлері бөлімшелерінің халықаралық кешенді сайысы болып табылатын «Десанттық взвод» конкурсы қазақстандық және шетелдік десантшылардың мықтылығын дәлелдейтін тартысты дода болып саналады.

Атап айтсақ, 2016 жылы Ресей Федерациясында өткізілген «Десанттық взвод» конкурсында, 8 мемлекеттен қатысқан қатысушылардың арасында ҚР ҚК командасы 2-орынды иеленді. 2017 жылы «Десанттық взвод» халықаралық конкурсы Қытай Халық Республикасының Гуаньшуй қаласында өткізілді. Бұл жолы 7 мемлекеттен қатысқан командалар арасында ҚР ҚК 2-орынды иеленді.

2019 жылы «Десанттық взвод» халықаралық конкурсы РФ Псков қаласында өтті. Әлемнің 21 мемлекетінен қатысқан командалар арасында ҚР ҚК 5-орынға табан тіреді.

Десантшы жауынгерлер әрқашан жоғары даярлық деңгейін, кәсіби

шеберлігін, қиын да күрделі міндеттерді орындауға қабілетті екенін көрсетуде.

Десантты-шабуылдау әскерлерінде қызмет етудің қай кезеңде болса да абырой-беделі асқақ. Бөлімдер мен бөлімшелерді жасақтау қатаң іріктеу арқылы жүргізіледі, ал мерзімді қызмет әскери қызметшілерінің спорттық разряды бар және психологиялық тұрғыдан өте төзімді болып келеді.

Жауынгерлік әзірліктің негізі

Десантшы – ол ерік пен жігерді, мінезді, тәуекелге бара алатын батыл қасиеттерді бойына шоғырландыра білген күш иесі, ол ерліктің жоғарғы мектебі, бірінші дәрежедегі батырлық, нөмірі «бірінші» жауынгерлік әзірлік. Оның негізі – парашютпен секіру болып табылады. Мақсаты – қарсыластың тылында жауынгерлік міндеттерді орындау үшін жеке құрамның, қару-жарақ пен әскери техниканың тұрақты түрде даярлығын қамтамасыз ету.

Әрбір десантшыға парашютпен секіруді жүзеге асырғаннан кейін көгілдір береттер мен жолақ жейде табыс етіледі. Бұл мәртебе оның нағыз десантшы екендігін айқындайды.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде алғаш рет парашютпен секіру 1993 жылы Қапшағай қаласындағы 35 жеке гвардиялық десанттық-шабуылдау бригадасында орын алды. Онда десантшылар МИ-8 тікұшағынан секірді. Сондықтан да, Қапшағай өлкесін «десантшылардың тал бесігі» деп атайды. Ал, 1994 жылы десантшылар АН-72 ұшағынан секіре бастады.

2012 жылы ҚР ҚК ҚӘ Десантты-ша-

буылдау әскерлерінің жеке құрамы түнде МИ-17 тікұшағынан және АН-72 ұшағынан 3300-ге жуық парашютпен секірулерін орындады.

Ал, 2013 жылы бұл әскердің барлау бөлімшелері Д-6 сериядағы 4, «Кентавр», «Беркут-2» парашют түрлерімен су бетіне 800-ге жуық секірулерін орындады.

Бүгіндері Десантты-шабуылдау әскерлерінің жауынгерлік даярлық жоспарына сәйкес осы әскер түрінде мерзімді қызметтерін өткеретін


десантшылар алғаш парашютпен секірулерін орындап, нағыз десантшы атануда. Бұдан өзге күндізгі, түнгі секірулерді де орындап, жауынгерлік машықтарын жетілдіруде.

Түнде парашютпен секіру – десантшылардың жауынгерлік даярлығының міндетті элементі. Бұл жаттығуларды келісімшарт бойынша офицерлер мен әскери қызметшілер орындайды.

Жаттығулар күндізгі уақытта зерделеніп, түнгі секірулер алдында қайта пысықталғанда және әр десантшы дайындықты барынша меңгергенде әуедегі іс-қимылдар сәтті орындалады.

Сөз соңы

«Бізден басқа ешкім емес» деп ұрандатқан көк тарландары кез келген тартысты додада көшбасшылық қасиеттерін жоғалтпады. «Десантшылар – бір-біріне бауырлар» деп қиын тұста қарулас досына демеу болып, бір үйдің балаларындай қамқор болып келеді. Осы қасиеттері оларды бірлікке, ынтымаққа шақырып, әрдайым биіктен көрінулеріне жол ашады.



ӘУЕ ТЫНЫШТЫҒЫН ҚОРЫҒАН ҚЫРАНДАР

Әуеде жүріп ел үшін жан аянбай еңбек ету – көптің қолынан келе бермейтін іс. Ел тыныштығын әуеде қорғау, қырағы күзету – ҚР Қарулы күштеріне қарасты Әуе қорғанысы күштерінің қызметі. Әуе қорғанысы күштерінің құрамына Әскери-әуе күштері мен Әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлері және әуе қозғалысын басқару орталықтары кіреді. 1998 жылғы 2 шілдеде Әскери-әуе күштерін құру туралы директиваға қол қойылды. Яғни, жыл сайын 2 шілдеде еліміздің Әскери-әуе күштері қызметшілері өздерінің кәсіби мерекесін атап өтеді. Осы атаулы күнге орай біз де журналымыздың осы санында еліміздегі Әскери әуе күштерінің әлеуетіне тоқталғанды жөн көрдік.



Авиация – әуедегі қарсыластың соққыларынан маңызды бағыттарды, аудандарды және объектілерді қалқалауға арналған Әуе қорғанысы күштерінің негізгі маневрлік әскер түрі.

Әскери-әуе күштері құрылымындағы әскери авиация мақсатына қарай тактикалық, стратегиялық, әскери-көліктік авиацияға, ал ұшақтардың міндеттерді орындау сипатына, ұшу тактикасы мен қарулануына қарай бомбалаушы, жойғыш, жойғыш-барлаушы, барлаушы және көмекші (байланыс, санитарлық) авиация түрлеріне бөлінеді.

Ол ұйымдық жағынан авиациялық бірлестіктерден (стратегиялық және тактикалық авиация), құрамалардан (корпус, дивизия, тағы басқа) және бөлімдерден (полк, эскадрилия тағы басқа) тұрады. Бұлардың құрамына материалдық, техникалық, арнаулы жабдықтау, аэродромдық қызмет бөлімдері мен бөлімшелері енеді. Реактивті ұшақтар, қанатты зымырандар және жаппай қырып-жоятын қарулармен жабдықталған, қазіргі заманғы әскери-әуе күштерінің соғыс қимылдарын жүргізуге, дұшпанға

соққы беруге мүмкіндігі мол Қазақстан Қарулы Күштерінің негізгі бөлігі.

Әскери - әуе күштері жау шебіне тұтқиылдан бастырмалата шабуыл жасап, ауыр соққылар береді, дұшпан тылындағы маңызды объектілерді күйретіп, оның әскери-экономикалық мүмкіндігін әлсіретеді, әскерлер мен жүктерді тасымалдайды және әуе барлауын жүргізеді.

Бүгінгі таңда Әскери әуе күштері – жауынгерлік іс-қимылдарды жүргізудің қазіргі талаптарына жауап беретін қару-жарақ пен техниканың қазіргі заманғы үлгілерімен жасақталған ҚР Қарулы Күштерінің жоғары технологиялық түрі. Оның күнделікті тыныс-тіршілігі жауынгерлік жаттығулармен, авиациялық ұшулармен, мемлекетіміздің әуе кеңістігін күзету жөніндегі жауынгерлік кезекшілікпен толыққан. Әскери-әуе күштерінің жауынгерлері өздерінің қол жеткізген табыстарымен еліміздің қорғаныс қабілетін нығайтуға лайықты үлес қосып келеді және олар еліміздің егемендігі мен аумақтық тұтастығының сенімді қорғанысында тұр.

Қазіргі әлемдік үрдістерді ескере отырып, еліміздің қарулы күштер саласында қарулы күрестің негізгі басымдығын әуе саласына көшіру жөнінде шешім қабылданды. Өйткені Әуе шабуылы құрылғылары ең үлкен



қауіп төндіре бастады. Олар үшін қазір ұшу қашықтығы бойынша да, соққы беру объектілері бойынша да, қуаты жағынан да ешқандай шектеулер жоқ. Мұндай қауіпке тек авиация мен Әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлерінің бірлескен күшімен ғана тиімді қарсы тұруға болады.

Қазақстандық ұшқыштар әуеде самғау сағаты бойынша ТМД елдері арасында алдыңғы қатарда. Бұл алдымен ұрыс кезіндегі шеберлікке тікелей қатысты. Ұшқыштың орташа ұшу

уақыты 100 сағаттан асады. Бұл ТМД-дағы жақсы көрсеткіш және оны НАТО елдерінің ұшақтарының шабуылымен салыстыруға болады. Ресей Федерациясы мен Украинада ұшудың орташа уақыты - 50 сағат.

Еліміздің Әскери-әуе күштері посткеңестік кеңістіктегі Ресейдің Әскери-әуе күштерінен кейінгі екінші орында. Олардың қарамағында әр түрлі мақсаттағы 400-ден астам жауынгерлік ұшақ, 80 көлік ұшағы және 300 тікұшақ бар.

Авиациялық парк жыл сайын жаңа авиациялық техникамен толықтырылып отырады. ҚР Қарулы Күштерінің тарихында алғаш рет 2015 жылы Су-30СМ ең заманауи жауынгерлік ұшақтар сатып алынды. Бүгінгі таңда ол әлем бойынша көп функционалды қызмет атқаратын үздік ұшақтардың қатарында.

2016 жылы жаңа Ми-171Ш көлік-жауынгерлік тікұшақтары, Ми-35М көпфункционалды жауынгерлік тікұшақтары алынды. Бұған дейін база AirbusMilitary концернінің С-295 әскери-көліктік ұшақтарымен толыққан болатын. Бұдан басқа, Әскери-әуе күштерінің қарулануында Су-27 көпмақсатты жойғыш ұшақтары, L-39 оқу-жауынгерлік ұшақтары, Ан-26 әскери-көліктік ұшақтары, Ми-8, Ми-17, ЕС-145 Еврокоптер және УН1-ІІ "Хьюи" тікұшақтары, сондай-ақ WinLong және SkyLark соқпалы ұшақтары бар.

Бұл әдіс-тапсырмаларды базадан едәуір қашықтықта, күндіз-түні, қарапайым және күрделі метеожағдайда орындай алады. Яғни, ҚР ҚК ӘҚК жарақтандыруындағы барлық әскери техника әлемдік стандарттарға сай келеді деп айтуға болады.

Авиациялық паркті жаңарту





нәтижесі кез келген стратегиялық бағытқа әскерлерді, қару-жарақ пен әскери техниканы жіберуді орындауға қабілетті қазіргі заманғы авиацияның аэрокөліктік мүмкіндіктерін жасау болып табылады.

Авиациялық паркті жаңартудың нәтижесінде әскерлерді, қару-жарақтар мен әскери техниканы жанармай құю үшін аралық тоқтаусыз кез келген стратегиялық бағытта жеткізе алатындай авиацияның аэротасымалдау мүмкіндіктері пайда болды. Бүгінгі күні Қарулы Күштердің техникалық жасақталуының деңгейі анағұрлым жоғары, сапалы деңгейге жетті.

Арнайы тоқталып, кететін тағы бір жайт еліміздің аспан тыныштығын күзететін Еврокоптер тікұшағы Қазақстанда құрастырылған. Одан басқа, Қазақстан 2017 жылы Ми-171 мен Су-30 ұшақтарымен толықты. Бұл техникалар әуеде түрлі әскери тапсырмаларды шұғыл әрі сапалы орындауға мүмкіндік береді. Осылайша, әуе қорғаныс күштерінің әлеуеті одан әрі арта түсуде.

2013 жылы көктемде Отан

қорғаушылар күні қарсаңында Мәтібұлақ полигонында өткен Жауынгерлік парад Мемлекет басшысының тарапынан жоғары деңгейде және үлкен дайындықпен өтті деп бағаланса, «KADEX-2018» халықаралық көрмесіне де еліміздің Әуе қорғаныс күштері үлкен дайындықпен келді.

Бүгінгі күні Қарулы Күштерде қайта жарақтандыру бағдарламасы жүзеге асырылып жатыр. Әуе күштеріне келетін болсақ, әуе паркінің 50 проценттен астамы қайта жабдықталды. Жаңа техника ұшқыштарды даярлаудың жоғары деңгейіне өтуімізге септігін тигізіп, әуе қорғанысы күштерінің дайындығы бұдан да жақсара түспек.

Осы орайда Қазақстан Республикасының аумағында бастауын 2010 жылы алған «Бейбіт аспан» террорға қарсы бірлескен әскери-оқу жаттығуын айтуға болады.

Одан өзге еліміздің әскерлері халықаралық ынтымақтастықпен өзара тәжірибе алмасу мақсатында «Өзара іс-қимыл», «Мызғымас бауырластық», «Дала қыраны», «Жауынгерлік

ынтымақтастық» және тағы басқа бірлескен оқу-жаттығуларын өткізіп жүр.

Біздің әскери қызметшілер Армиялық халықаралық ойындарында да үздік нәтиже көрсетіп жүр.

Осы ретте қандай да заманауи озық техника, соңғы үлгідегі ұшақ болмасын оны басқаратын адам, яғни маман екенін айтуымыз керек.

Елімізде осы сала бойынша авиация мамандарын даярлайтын Кеңес Одағының екі мәрте Батыры Т.Бигелдинов атындағы Әуе Қорғаныс Күштерінің Әскери институты бар. 1974 жылы ашылған оқу ордасы инженер-ұшқыш, инженер-психолог, жалпы инженер, т.б. мамандықтар бойынша авиация кадрларын даярлайды.

Әскери-әуе күштері – Қарулы Күштеріміздің ең ұтқыр және техникалық жағынан жарақталған түрі. Әскери-әуе күштерінің жауынгерлерін әрдайым мақтанышпен айта аламыз. Олар өздерінің қол жеткізген табыстарымен еліміздің қорғаныс қабілетін нығайтуға лайықты үлес қосып келеді.

Меруерт САФАЕВА



ВОЙСКА ПОСТОЯННОЙ ГОТОВНОСТИ

2 июля войска радиационной, химической и биологической защиты отметили свой профессиональный праздник. В этот день в 1992 году в составе Министерства обороны Республики Казахстан был сформирован отдел РХБЗ. Войска РХБЗ способны решать задачи, связанные с защитой личного состава Вооруженных Сил и гражданского населения от поражающих факторов ядерного, химического и биологического оружия. В военное и мирное время они могут быть задействованы в ликвидации последствий происшествий, представляющих радиационную, химическую и биологическую опасность

Применительно к решаемым задачам в войсках РХБЗ имеются подразделения разведки, специальной обработки, аэрозольного противодействия и огнеметные подразделения. Сегодня на вооружении войск имеется современная техника. Это тяжелые огнеметные системы ТОС-1А «Солнцепек», которые способны выводить из строя легкобронированную технику, уничтожать сооружения, здания, живую силу противника на открытой местности и в фортификационных сооружениях.

Войска используют технику казахстанского производства: расчетно-аналитические станции РАСТ-2КЗ для оперативной обработки информации,

анализа и оценки обстановки на местности, отображения зон риска и заражения и передачи информации в штаб, а также авторазливочные станции АРС-14 КЗ для дегазации, дезактивации и дезинфекции вооружения, военной техники, транспортных средств, местности, создания маскирующих аэрозольных завес. Части и подразделения радиационной, химической и биологической защиты планомерно оснащаются новыми, высокоэффективными средствами разведки, индивидуальной и коллективной защиты, техническими средствами снижения заметности и маскировки, огнеметно-зажигательным вооружением. С учетом обновления

технической составляющей свою подготовку совершенствуют и сами военнослужащие. В учебных центрах Вооруженных Сил РК на постоянной основе проводятся курсы подготовки специалистов войск радиационной, химической и биологической защиты, войска задействуются в различных учениях в Казахстане и за рубежом.

В мирное время специалисты стоят на страже жизни и здоровья миллионов людей, в готовности выполнить задачи по ликвидации последствий аварий и катастроф на опасных промышленных предприятиях.

Главным вызовом для войск РХБЗ в 2020 году стала пандемия коронави





руса. В сложный для страны период военнослужащие пришли на помощь народу. Для борьбы с инфекцией были задействованы более трех тысяч военнослужащих и около 100 единиц специальной техники. Обработанная площадь социально значимых объектов составила свыше 60 млн. квадратных метров, более 4 тыс. километров дорог.

Опыт борьбы с пандемией показал востребованность войск РХБЗ, значимость которых была подчеркнута Верховным Главнокомандующим Вооруженными Силами Казахстана.

В настоящее время продолжается активная работа по дальнейшему развитию системы РХБ защиты и поддержанию в готовности сил и средств к своевременному реагированию на возникающие угрозы. Проводится оснащение современной техникой и укомплектование профессиональными кадрами.

В апреле 2020 года был создан Департамент войск радиационной, химической, биологической защиты и экологической безопасности, что позволило существенно повысить качество и

оперативность управления войсками, усовершенствовать систему специальной подготовки.

В этом году Военный институт Сухопутных войск впервые выпустил одиннадцать офицеров, обучавшихся по специальности «Радиационная, химическая и биологическая защита в военном деле».

Военнослужащие войск РХБЗ гордятся принадлежностью к этому роду войск, ежедневно повышают свой профессионализм и всегда готовы прийти на помощь народу.











Состязания военных

Армейские международные игры — это соревнования, которые более чем 40 стран. Свои силы они проверят в 34 конкурсах в те



Дата проведения: 22 августа – 4 сентября



Количество конкурсов: **34**



Страны-участницы: более **40**
(по состоянию на 1 июня)



Новые конкурсы: «Тактический стрелок»,
«Армия культуры» и «Меридиан»

НА ТЕ



ОТ КА



СТРАНЫ-ОРГАНИЗАТОРЫ КОНКУРСОВ - 12



Россия – **16** конкурсов




Беларусь, Китай,
Иран – по **3** конкурса



Казахстан, Вьетнам,
Узбекистан – по **2** конкурса



Алжир, Армения, Сербия,
Монголия и Катар – по **1** конкурсу





их профессионалов

е определяют сильнейших среди военных профессионалов из
чение двух недель непрерывных состязаний

ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСТАНА ПРОЙДУТ

«Мастера артиллерийского огня» -
состязание минометных расчетов

«Соколиная охота» -
состязание расчетов БПЛА

КАЗАХСТАНА В ИГРАХ ПРИМУТ УЧАСТИЕ:

300 человек в **11** конкурсах

«Танковый биатлон» –
состязание танковых
экипажей

«Десантный взвод» –
состязание десантников

«Эльбрусское кольцо» –
состязание альпинистов

«Верный друг» –
состязание кинологов

«Армия культуры» –
состязание творческих
коллективов



«Кубок моря» –
состязание экипажей кораблей



«Тактический стрелок» –
состязание специалистов
скоростной практической стрельбы



«Конный марафон» –
состязание конных подразделений



«Мастера артиллерийского огня» –
состязание минометных расчетов




«Соколиная охота» – состязание
расчетов беспилотных летательных
аппаратов



«Воин мира» – состязание
сержантов-профессионалов

В конкурсах
«Верный друг» и
«Снайперский
рубеж», кроме
военнослужащих-
мужчин, в этом
году впервые будут
участвовать
военнослужащие-
женщины



ТАЛАПТЫ ЖЕТЕР МҰРАТҚА

«Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым, ойлап қой – бес асыл іс, көнсеңіз». Адамгершіліктің асыл қасиеттерін қалыптастыру туралы осыдан 135 жыл бұрын жазылған ойшыл ақынның дана сөздері өзектілігін еш жоғалтқан жоқ. Тіпті уақыт өткен сайын «бес асыл іс» мәні мен мазмұны жағынан тереңдеп бара жатқандай. «Талаптың өзінің біраз шарттары бар. Оларды білмек керек, білмей іздегенмен табылмас». «Адам баласының ең жаманы – талапсыз». «Талаптың ішінде адам баласы көбіне басына қадір іздеп, сол талапта болады». Мұны да һәкім Абай терең ойлы қара сөздерінде айтқан. Талап пен еңбек арқылы адам болудың идеялары өз заманынан оза туып, еліне жөн сілтеген ұлы кемеңгердей әскерилердің де ел намысын, ер намысын биік ұстауына шырақшы болды. «Шығыс» өңірлік қолбасшылығының Аягөз гарнизонындағы 34-ші артиллериялық бригадасының әскерилерін Отанды қорғауға адал қызмет етуге деген талап пен еңбек біріктіреді.

Егіз артиллеристер – дивизион сержанттары

Ербол мен Ержан Океновтер 1987 жылы 26 мамырда Аягөз қаласында дүниеге келген. Балабақшаға, мектепке, тіпті мерзімді қызметтегі әскери борыштарын өтеуге шақырылғанда да егіздердің жұптары ажырамады. Қазақта «Қымыздың жақсысы – сабасынан, үйдің жақсысы – ағашынан, жігіттің жақсысы – нағашыдан» деген нақыл сөз тегін айтылмаса керек. Ербол мен Ержанның Отан қорғаушы мамандығын таңдауына әскери қызмет атқарған нағашы ағалары Орал себеп болғанға ұқсайды. «Қиындығы мен қызығы мол саланы игеру – бала күнгі арманымыз еді. Есейіп, ер жеткенде әскери қызметші атанатынымызға нық сенімді болғандықтан әскери тәртіпке бала күнімізден дағдыландық», дейді олар. Екеуі де әскери қызметтерін 2007 жылы Аягөз гарнизонындағы артиллериялық әскери бөлімде бөлімше командирі лауазымынан бастады. Бүгінгі күні дивизион сержанттары.

Егіздерге тән ұқсастық пен айырмашылықты қос жігіттің бойынан байқамау мүмкін емес. Әскери қызмет екеуіне де ұнайды, бірақ талғам-таңдаулары



мүлдем бөлек. Ерболдың мінезі ашық, пысық, кез-келген адаммен тез тіл табысады әрі көпшіл. Ержан өзін-өзі ұстай біледі,

байсалды да салмақты. Ербол дүниеге он бес минутқа ерте келгендіктен Ержанның «ағалап» тұратыны жарасады. Екеуі де отба-



сын құрған, балалы-шағалы.

Океновтердің еліміздің Қарулы Күштерінде әскери міндеттерін абыроймен атқарып жүргендеріне 14 жылдан асты. Осы уақыт аралығында сан мәрте үздіктер сапынан көрінді. Мәселен, 2017 жылы офицерлер мен сержанттардың кәсіби деңгейі мен далалық жағдайдағы машығын арттыруды көздеген артиллерия мен зымыран әскерінің лагерлік жиында темір жол көлігіне қару-жарақ пен техниканы тиеп және түсіруден және колоннада жауынгерлікке жақындатылған жағдайда әскери машиналарды жүргізуден тәжірибелік дағдыларын жетілдірді. Бірде-бір оқты мұлт жібермей, белгіленген нысанаға дәл тигізу үшін кәсіби білімдері мен біліктіліктерін көрсетті. Үздік есептеушілер қатарынан топ жарды. Ал, сержанттардың жұмыс әдіс-тәсілдері мен озық тәжірибелерін жан-жақты тарату, жауынгерлік шеберлігі мен кәсіби дайындығының деңгейін одан әрі арттыру, олардың арасындағы жақсы бәсекелестік жағдайды қалыптастыру мақсатындағы байқауда 2-ші сынып сержанты Ербол Окенов «Батальонның (дивизионның) үздік сержанты» жүлдесін жеңіп алды. Биыл сәуір айында бригаданың батарея сержанттарымен командирлік әзірлік бойынша өткен бір апталық оқу-әдістемелік жиынға 3-ші сынып сержанты Ержан Окенов те тәжірибелі маман ретінде тартылды. Сержанттардың әдістемелік және тәжірибелік дағдыларын жетілдіру арқылы жеке құраммен жұмыс барысында жауынгерлік даярлық сабақтарын жүргізуге, кәсіби даярлық пен іс жүзіндегі дағдыларын жетілдіруге үйретті. «Біз алып жатқан біліміміз бен тәжірибелік шеберлігімізді жеке құрамға үйретіп, үлгі бола білуіміз үлкен міндет. Сол себептен кәсіби мамандығымызды жетік меңгеріп, біліктілігіміз бен білімімізді тереңдете береміз», деген еді жиынның соңында ол.

Артиллеристердің айтуынша, кәсіби біліктілік, жоғары тәртіп пен жауынгерлік әзірлікті арттыру үшін әрбір әскери қызметші өз үлесін қоса білуі керек. Еліңді, жеріңді қорғау жолында еңбек етуден аянбау қажет. Өйткені, Отанымыздың іргесі берік болса бізді ешқандай жау да алмайды.

Спортты серік еткен Сәбитовтер отбасы

Жақсы әдет – жақсы отбасының белгісін білдірсе керек. Сәбитовтер отбасының таңы шәй ішуден емес, жаттығу жасаудан басталады. Отағасы Ақылбек – Солтүстік Қазақстанның Шалақын ауданындағы



Мерген ауылының тумасы. Темірдей тәртіпке бағынып, әскери адам болуды кішкентайынан қалады. Мектепті бітіре салысымен, Құрлық әскерлерінің әскери институтында білім алды. Еліміздегі әскери жоғарғы оқу орнында оқып жүргенде ақ мықтылығын мойындатты. 2014 жылы әскери спорттың халықаралық кеңесінің қамқорлығымен Эквадорда өткен екінші бүкіләлемдік кадет ойындарына қатысты. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің ынтымақтас армияларының 2015 жылы Ресей Федерациясында өткен бірінші әскери-спорттық ойындарында да жүлдегер атанды. 2017 жылы «Шығыс» өңірлік қолбасшылығы 44736 әскери бөлімінің мина атқыш взводының командирі лауазымында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің ынтымақтас армияларының Қырғызстанда өткен екінші әскери-спорттық ойындарында жеке біріншілікте үшінші орынды жеңіп алды. Ол 100 метрді 11,6 секундта жүгіріп,

екінші орынды ұтты. Макаров пистолетінен атудан 274 ұпай жинақтап, үш шақырымдық сайыста үшінші келді. Офицерлік үшсайыстан Қырғыз Республикасының спорт шеберлігі нормативін орындады. Естеріңізге салайық, Қырғыз Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының «Эдельвейс» оқу орталығының базасында ұйымдастырылған ТМД қатысушы-мемлекеттердің ынтымақтас армияларының екінші әскери-спорттық ойындары Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы ынтымақтас армиялардың Қорғаныс Министрлер Кеңесінің 25 жылдығына және Қырғыз Республикасының тәуелсіздік күніне арналған еді. Жарыста Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей және Тәжікстан мемлекетінің әскери қызметшілері спорттың әскери-қолданбалы алты түрінен күштерін сынады. Қазақстандық әскерилер армиялық қоян-қолтық ұрыста сөзсіз жеңіске жетіп, төрт алтын және екі қола медаль алды. Командирлік стартта да чемпион атанып, екі алтын, бір күміс және бір қола

медальді еншіледі. Гір спортынан еліміз құрамасы жалпыкомандалық екінші орынды, әскери-спорттық кешеннің көпсайысында үшінші орынды ұтып алды. Жалпы алғанда, спорттың әскери-қолданбалы алты түрінен төртеуінің кубогын иеленіп қайтқан болатын.

Ақылбек Сәбитов – спорттың қысқы ойын түрлерінен, жазғы көпсайыстан, полиатлоннан спорт шебері, әскери-қолданбалы спорт түрлерінен Қазақстан Республикасының көп дүркін чемпионы. Қазір Аягөз гарнизоны артиллериялық әскери бөлімінің дене дайындығы және спорт қызметінің бастығы. Жарыстардың бірінде танысып, өмірлік серік еткен жұбайы да осал емес. Көркем Күршімде туып-өскен Айнаш Рашидқызы қысқы Президенттік көпсайыстан спорт шебері, ҚР чемпионы, ШҚО құрама командасында өнер көрсетеді. Биыл ақпан айынан бастап радиотелефонист лауазымына шыңдалып келеді. Бір әскери бөлімде қызмет атқаратын Ақылбек пен Айнаш Айжан есімді тәрбиелеп отыр.

Қызметіне адал, тиянақты, сауатты Ақылбек Сәбитов спорттық нормативтерге орындауға келгенде жоғары талап қояды. Оның пікірінше, әскердің жауынгерлік қабілеттілігін ұдайы арттыруды уақыттың өзі талап етеді. Әскерилердің бойындағы батылдық, жігерлік, мақсатқа талпынушылық, жоғары шеберлік, шапшаңдық, жылдамдық, жинақылық, ұқыптылық, тезарада дұрыс шешім қабылдай білуі, достық қарым-қатынас, ауызбіршілік пен ұйымшылдық секілді жақсы қасиеттер дене дайындығынан байқалады. Әскерде денесі шыныққан адам өмірде кездесетін түрлі кедергілер мен қиындықтарды да табандылықпен жеңе алады. Қысқасы, «жаттығуда аянабай тер төксең, ұрыста қиналмайсың» принципін ұстанады. «Менің ойым: әскердегі әріптестерімнің Отанға деген сүйіспеншілігі мен құрметін одан әрі нығайтып, спортқа деген қызығушылығы мен құлшынысын арттыру. Күнделікті жетістіктерімізбен үлгі-өнеге көрсетіп, өсіп келе жатқан ұл-қыздарымызды спорт пен дене шынықтыруға барынша баулу. Себебі спорттың кез-келген түрі күш-жігерді, рухты, мінез-құлықты тәрбиелеуге көмектеседі», дейді аға лейтенант.

Әскери қызметте де, байрақты бәсекелерде де бірге жүрген Сәбитовтердің жанұясының мақсат-мұраты – үнемі еңбектеніп, әрдайым алға ұмтылу, әлемдік аренада ел мен жердің намысын қорғап, көк туды көкке көтеру.





БИТВА ЗА ВОРОНЕЖ

КАКУЮ РОЛЬ СЫГРАЛО ЭТО СРАЖЕНИЕ В ПОБЕДЕ В ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЕ?

Великая Отечественная война вошла в мировую историю не только беспримерным подвигом советских бойцов, но и гениальными тактическими решениями, принятыми как при обороне ключевых позиций, так и при наступлении. Ровно 1418 дней маршалы и генералы Советского Союза разрабатывали новые стратегические планы по укреплению и обороне советских городов.

...Одной из ключевых позиций по плану Вермахта был город Воронеж. К сожалению, оборона этого славного города является одной из малоизвестных страниц истории Великой Отечественной войны, однако именно этот стратегически важный рубеж сыграл одну из существенных ролей в победе советских войск и их союзников

Стратегический рубеж

В планах вражеского командования Воронеж виделся как универсальный плацдарм, откуда можно было нанести удар как по Москве, так и по Сталинграду. Высший командный состав Вермахта считал, что взятие Воронежского плацдарма станет важной опорной точкой перехода немецких войск к Средней Волге с последующей оккупацией Сталинграда.


Для осуществления поставленных задач в апреле 1942 года началось полномасштабное планирование операции, которая получила название «Fall Blau». По планам ее должна была осуществить массированная группировка из 900 тысяч бойцов, при поддержке 1200 танков, 1640 самолетов и 17 тысяч орудий. Уже 5 мая 1942 года ставка Вермахта выпустила приказ, в котором говорилось, что воронежское направление становится одним из ключевых направлений на Восточном фронте. Ее главной целью должно было стать полное уничтожение советских войск, сосредоточенных под Воронежем. В дальнейшем, по замыслу немецких захватчиков, войска должны были прорваться на юг, соединившись с другими подразделениями Вермахта в 70 км от города Сталинграда.

За несколько недель до начала наступления немецкая авиация наносила ежедневные массивные авиаудары. По свидетельствам очевидцев, бывало, что за ночь на город падало до тысячи снарядов. Так, 15 июня за две недели до начала операции «Fall Blau», немецкими пилотами люфтваффе был нанесен удар по парку развлечений «Сад пионеров», где проходил детский праздник по случаю окончания учебного года. Последствия авиауда-

ра вылились в сотни погибших и раненых школьников.

Героический подвиг защитников города

Описанный случай в парке «Сад пионеров» поселил в жителях и защитниках города надежду расплатиться с врагом по счетам за жизни невинных детей. Однако накануне наступления, ввиду переноса ставки, из-под Воронежа была отведена





значительная часть сосредоточенных там войск. Поэтому город на первом этапе предстояло оборонять усилиями 232-дивизии, добровольного батальона, подразделений НКВД, курсантов школы милиции. К сожалению, слишком запоздалой стала и эвакуация мирного населения города (в Воронеже осталось примерно половина всех жителей – 200 тысяч человек). Оставшиеся жители, не желая отдавать родную землю врагу, сформировали партизанские отряды численностью около пяти тысяч человек.

К самому началу наступления силы защитников города значительно уступали вражескому наступлению. К Воронежу приближалась массированная группировка вражеских подразделений, включающая 2-ю армию под командованием Максимилиана фон Вейхса, 4-ю танковую армию Гота, мощные авиационные соединения. Кроме того, город собирались атаковать венгерские, румынские и итальянские части.

Наступления на Воронеж началось рано утром 6 июля 1942 года. С самого начала немецким подразделениям пришлось столкнуться с ожесточенным сопротивлением защитников города, которые бились буквально за каждую улицу. Захватчики все больше вязли в уличных боях, не добившись запланированного

успеха.

В помощь жителям города пришла воздушная поддержка авиации в лице 2-й ударной авиационной армии. Но и в данном случае силы врага значительно превосходили советские ресурсы. Несмотря на отчаянное сопротивление защитников города, к вечеру 6 июля им пришлось оставить правобережную сторону Воронежа. Бои перешли в северную часть города.

Гитлеровцы неоднократно пытались прорвать оборону города, но героическими усилиями его жителей и солдат Красной Армии удалось сдержать мощный вражеский напор. В связи с неудачами на данном направлении ставка Вермахта приняла решение передислоцировать дополнительные силы из-под Сталинграда.

В то же время советское командование осознало всю важность воронежского направления. К городу были направлены ранее отступившие части 40-й и 60-й армий, а также подразделения 5-й танковой армии. Однако, к сожалению, наступление Красной Армии не увенчалось успехом, захлебнувшись в боях на окраинах города, где советские танкисты столкнулись с новейшим танковым вооружением Вермахта.

Потерпев неудачу, в августе 1942 года

командование Красной Армии приняло решение создать на правом берегу Воронежа плацдарм, откуда можно было начинать новое контрнаступление. Для этого была сооружена переправа, невидимая для вражеской авиации, через которую можно было перебросить бронетехнику и сухопутные части. Действовать приходилось в условиях полной осторожности и преимущественно в темное время суток.

Плацдарм, расположенный в районе Чижовка, получил название Чижовский. Именно он стал отправной точкой для наступления советских войск. Он также занимает особое место в истории всей победной советской военной кампании. Немецкие ветераны, наступавшие на город, вспоминают, что, то, как поднимались здесь в атаку, они не видели больше нигде.

Сами солдаты прозвали Чижовский плацдарм «Долиной смерти». Довольно символическое название, ведь именно здесь под градом обстрелов и авиабомбардировок советским войскам удалось сковать врага. Их усилиями осенью 1942 года во вражеской обороне Воронежа образовался выступ глубиной до 100 километров и основанием около 150 километров, в котором оказались несколько немецких и две венгерские части. Для того, чтобы поставить финальную точку





советскому командованию было необходимо нанести удар по флангам, который и был нанесен после скрупулезно проработанного плана наступления.

212 дней битвы

Наступательная операция по освобождению Воронежа началась в сентябре 1942 года. Однако на первых порах операция по освобождению города не принесла успеха. Советским войскам лишь удалось сковать значительные силы противника, которые в дальнейшем могли оказать поддержку Вермахту в боях на Волге. 19 ноября 1942 года началась активная часть боев за Сталинград. Советские войска начали теснить противника, что сделало возможным и освобождение Воронежа. Захватчик не выдержал два мощных удара сразу по двум направлениям.

К началу 1943 года окончательно стало ясно, что вражеским войскам не удастся осуществить задуманное. 24 января 1943 года началась Воронежско-Костромская операция. Ее целью было не только освободить город, но не допустить резервы гитлеровцев к Сталинграду, где солдаты Красной Армии вошли в финальную стадию по освобождению города на Волге. Воронежско-Костромская операция осложнялась сильной метелью. Однако уже на следующий день бойцам 4-го танкового корпуса 40-армии удалось прорвать брешь в обороне противника, открыв путь другим частям Красной Армии. В этот же день Совинформбюро сообщил, что солдаты Воронежского фронта опрокинули

врага, полностью овладев городом. Еще одним результатом Воронежско-Костромской операции стала возможность продвижения советских войск, в том числе из-под Сталинграда, к Курску и Харькову.

План Вермахта подразумевал взятие города в течение четырех дней. Однако неприятелю пришлось столкнуться с яростным сопротивлением защитников города, увязнув в боях на 212 долгих

дней. Воронеж наряду со Сталинградом стал одним из городов, через который линия фронта проходила два раза.

В ходе боев за город немецкие войска понесли катастрофические потери. Они потеряли 9 дивизий, почти всю технику и вооружение. Кроме того, в боях за Воронеж были полностью уничтожены итальянские, венгерские и румынские формирования. Живой силой неприятель потерял около 320 тысяч человек. Менее 75 тысяч человек оказались в плену. Советские же потери также огромны – около 400 тысяч человек.

Парадоксальный факт, но во фронтовых сводках не упоминалось словосочетание «битва за Воронеж». Город упоминался лишь как географический ориентир в рамках Воронежско-Костромской операции. А между тем, исследователями и историками утверждается, что воронежский рубеж сыграл важнейшую роль в победе Красной Армии в боях за Сталинград, поскольку именно здесь были остановлены значительные силы противника, надвигавшиеся на город. По планам ставки Вермахта на Сталинград собирались направить 90 дивизий, 30 из которых увязли в боях на воронежском рубеже.

Подготовил Нариман ДЮСЕНОВ





Ұлы дала әскері – Тәуелсіздік тірегі!



2021

АЙЫБЫН

Республиканский
военно-аналитический журнал